

Көшеге атау беру туралы

Атырау облысы Махамбет ауданы Бақсай ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 29 қаңтардағы № 7 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Таңдай ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық онамастика комиссиясының 2025 жылғы 20 тамыздағы қорытындысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Бақсай ауылдық округі, Таңдай ауылындағы атауы жоқ көшеге "Мұхит Иманбаев" атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімі

Е. Сұлтанов